



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 18–19 маусым күндері өтетін, «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 30 жылдығына арналған «Еуразиядағы тау экожүйелерінің сақталуы мен тұрақты дамуы» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырамыз.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаттары: таулы аймақтардың биоәруландығын зерттеу, мониторинг жүргізу мен сақтау саласындағы заманауи тәсілдерді талқылау үшін ғалымдарды, зерттеушілерді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мамандарын және ғылыми ұйымдардың өкілдерін біріктіру, сондай-ақ тау экожүйелерінің флорасы мен фаунасын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға үлес қосу.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның секциялары:

1-секция: *«Таулы экожүйелердің флористикалық алуантүрлілігі: зерттеу, мониторинг және қорғау стратегиялары».* Өсімдік әлемінің биоалуантүрлілігі, сирек және эндемик түрлер, климаттық факторлардың әсері, өсімдік қауымдастықтарын мониторингтеу мен қалпына келтірудің инновациялық әдістері мәселелерін талқылауға бағытталған.

2-секция: *«Таулы экожүйелердің зоологиялық алуан түрлілігі: экология, популяциялар динамикасы және сақтау әдістері».* Сүтқоректілерді, құстарды және жануарлар дүниесінің басқа да өкілдерін зерттеуге, негізгі түрлерді сақтау, экожүйелік өзара байланыстар, қауіп-қатерлер және ұзақ мерзімді қорғау стратегиялары мәселелеріне арналған.

3-секция: *«Экологиялық туризм және табиғи аумақтарды тұрақты басқару».* Таулы ұлттық парктердегі экологиялық және танымдық туризм мәселелерін, инфрақұрылымды дамыту, антропогендік әсерді азайту, келушілерге арналған білім беру бағдарламалары, сондай-ақ рекреациялық жүктемені табиғи биоалуантүрлілікті сақтаумен теңгеру әдістерін талқылауға бағытталған. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік ағындарды басқарудың үздік халықаралық тәжірибелері мен инновациялық тәсілдеріне ерекше назар аударылады.

4-секция: *«Таулы экожүйелердегі экология және қоршаған ортаны қорғау».* Таулы аймақтардағы қоршаған ортаның жай-күйін кешенді зерттеу, климаттың өзгеруі, ластану, жер мен су ресурстарының деградациясының биоалуантүрлілікке әсері мәселелеріне арналған. Экологиялық мониторингтің заманауи әдістері, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау, экожүйелерді қорғау және тұрақты табиғат пайдалануды дамыту

стратегиялары, соның ішінде деградацияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру және негізгі экожүйелік процестерді сақтау шаралары қарастырылады.

Мәлімет қабылданатын тілдер – қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер өтінім мен мақалаға арналған материалдарды **2026 жылғы 20 сәуірге дейін** электрондық түрде ile-alatau.nauka@mail.ru

электрондық поштасына doc форматында сақталған қосымша файлдар ретінде жолдауы қажет. Материалдары бар файлдың атауы автордың (авторлардың) фамилиясына сәйкес болып, латын қарпімен жазылады. Электрондық нұсқа екі файлдан тұруға тиіс:

Файл 1: атауы – ТАӘ ӨТІНІМ.doc

Файл 2: атауы – ТАӘ МАҚАЛА.doc

Мақалаларды жариялау тегін.

Мақала көлемі – 3–6 бет. Конференция материалдары ISBN беріліп, жинақ түрінде жарияланады және Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ресми сайтына шығады.

**«ЕУРАЗИЯДАҒЫ ТАУ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ МЕН
ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ»**

**тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға
қатысу**

1. Конференцияға қатысқысы келетіндер баяндамалар ғылыми мақалаларын ұсынады. Автор саны үш адамнан аспауға тиіс. Жұмыстың мазмұны дербес ғылыми-зерттеу сипатында болып, мәлімделген тақырыпқа сәйкес келуі қажет.
2. Конференцияға қатысу үшін қатысушының тіркеу нысанын толтыру қажет (қаріп — кәдімгі, Times New Roman, 12 пт).

Конференция қатысушысының тіркеу үлгісі

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Лауазымы	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Ұйым (толық атауы)	
Ұйымның мекенжайы (пошталық индексімен)	
Қызмет нөмірі, E-mail	
Баяндама тақырыбы (сөйлем түрінде)	
Баяндаманың тақырыптық бағыты	
Баяндама қай тілде дайындалған	

3. Конференцияға қатысу үшін ғылыми мақала дайындау қажет. Ғылыми мақала конференцияның жұмыс тілдерінің бірінде дайындалуға тиіс. Ал аннотациялар қалған 2 тілде беріледі.
4. Авторлар жіберген құжаттарының мазмұнына жауапкершілікті өздері алады.

Мақала материалдарын рәсімдеу ТАЛАПТАРЫ

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне мақалаларды жолдауыңызды сұраймыз.

Мақалаларға қойылатын талаптар: көлемі А4 форматында 6 беттік шектен аспауы керек.

1. **Өрістер:** жоғарғы және төменгі – 2,0 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. Бет бағдары – кітаптық. Шрифт – Times New Roman, өлшемі – 12 пт, мәтін аралығы – бір жолдық.
2. **УДК индексі** мақаланың тақырыбын жеткілікті түрде сипаттауы керек; одан кейін абзац шегінісі қойылады, шрифт – Times New Roman, 12 кегль. Мақаланың жалпы көлемі (суреттер, формулалар және кестелермен бірге) 6 беттен аспауы қажет.
3. Электрондық түрде жіберілетін барлық материалдар Word for Windows форматында (doc, docx) қабылданады.
4. Мақала бір файлда рәсімделуі және төмендегі талаптарға сәйкес болуы қажет:
 - автордың аты мен тегі кіші әріптермен, қалың шрифтпен, 12 өлшемде жазылады және беттің ортасына тураланады; қаланың атауы жақша ішінде көрсетіледі;
 - қосавтор болған жағдайда алдымен баяндамашының аты көрсетіледі;
 - мақаланың атауы бас әріптермен, қалың шрифтпен, 12 пт өлшемде, ортасына тураланып жазылады;
 - жұмыс орны: шрифт өлшемі – 11, абзацтық шегініс жоқ, ортасына тураланады;
 - келесі мәтінді бастамас бұрын бір жол қалдыру қажет.
5. **Мәтіндер** беттің ені бойынша тураланады. Математикалық формулалар тиісті формула редакторларының көмегімен терілуі қажет.
6. **Суреттер мен кестелер:** иллюстрациялар мәтінге енгізіледі. Суреттер мен фотосуреттер тек *.jpg форматында, 200–300 dpi ажыратымдылығымен болуы тиіс. Сурет және фото атаулары олардың астына, ортасына жазылады, атаудың алдында бір бос жол қалдырылады.
7. **Формулалар:** Microsoft Equation редакторында теріледі, барлық айнымалылар курсивпен жазылады, шрифт өлшемі – 10, абзацтық шегініс жоқ, ортасына тураланады. Айнымалылардың түсіндірмесі формуладан кейін бірден беріледі.
8. **Әдебиетке сілтемелер:** мәтінде қолданылу реті бойынша шаршы жақшада [1,2] көрсетіледі. Әдебиеттер тізімі автоматты нөмірлеусіз беріледі.
9. Мақала беттері нөмірленбейді.
10. Талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды.

Назар аударыңыз! Егер мақалада бір емес, бірнеше автор болып, ал олардың жұмыс орындары әртүрлі болса, төмендегі үлгіге сай рәсімделеді:

УДК 582.28

**Қазақстандағы Сиверс алмасының (*Malus sieversii* (Ledeb) M. Roem.)
микобиотасының түрлік құрамы**

Ж. Айтымбет¹, Г. А. Урманов¹, Г. Сыпабекқызы², Е.В. Рахимова²

¹ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

² Ботаника және фитоинтродукция институты

Мәтін[1,2]

Әдебиет тізімі

1. Бызова З. М.,

Қарауға қабылданған мақалаларға түзетулер мен толықтырулар қабылданбайды.

Конференция ұйымдастыру комитетінің төрағасы:

Ахметов Елнұр Мұхамеджанұлы

Ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы:

Өсербаева Салтанат Амантайқызы

Байланыстың оңтайлы түрі – электрондық пошта.

Бұл ақпаратты әріптестеріңізге жеткізсеңіз, ризашылығымызды білдіреміз!